IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

# «СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖШС СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

## 7М01101 - «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» / 6М010300 - «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ»

**БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ АККРЕДИТТЕУ**

**Нур-Султан 2020**

## ЭКСПЕРТТІК ТОП



**Коржумбаева Марал Берекеловна**
**Топ жетекшісі**
“Болашақ” академиясы, “Педагогика және психология” кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.



**Асанова Дария Нуртасовна**
**Эксперт**
Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті, «Ағылшын тілінің теория және әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к.



**Кияхметова Шара Асетовна**
**Эксперт**
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, «Қазақ тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.



**Бекенова Меруерт Садуовна**
**Жұмыс берушілер өкілі**
№2 Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары



**Абдашим Данияр Сахибжанулы**
**Студенттер өкілі**
«Ағылшын» мамандығының 4 курс студенті, М. Әуезов атындағы ОҚМУ

# ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША 7М01101 ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ НАҚТЫ ДЕҢГЕЙГЕ СӘЙКЕСТІГІ

| Стандарттар | Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Елеулі сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкес келмейді |
| *Стандарт* 1 Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат | + | | | |
| *Стандарт* 2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару | | + | | |
| *Стандарт* 3 Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау | + | | | |
| *Стандарт* 4 Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау | + | | | |
| Стандарт 5 Профессорлық – оқытушылық құрам | + | | | |
| *Стандарт* 6 Оқу ресурстарыжәне студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт* 7 Жұртшылықты ақпараттандыру | + | | | |

# *Мазмұны*

**1 ТАРАУ  МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ**
**Кіріспе**………………………………………………………………………. 5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы…………………………………………………… 6

**2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**
Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік
**Кіріспе**……………………………………………………………………… 7
**Стандарт 1**
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасызыз ет
саласындағы саясат...………………………………..................................... 8
**Стандарт 2**
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару….. 10
**Стандарт 3**
Магистрантқа бағытталған оқыту, білім беру және бағалау……….............. 12
**Стандарт 4**
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау………………... 16
**Стандарт 5**
Профессорлық - оқытушылық құрам ……………………………………......... 19
**Стандарт 6**
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ………………………………..…. 21
**Стандарт 7**
Жұртшылықты ақпараттандыру.....…………………………………………… 24

**3 ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ**..…………………………………………………………… 26
**ҚОСЫМШАЛАР**
***Қосымша 1***
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы ……………………………………………. 27
***Қосымша 2***
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі .....………………………………………… 29
***Қосымша 3***
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.......................………………….... 32

# 1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

***Кіріспе***

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылғы 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

**Университеттің негізгі сипаттамалары**

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған AAN 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және накты мекен-жайы
160500 Қазақстан Республикасы,
Жетісай қ., К. М.Әуезов, 14.
Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27
Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08
Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.

# 2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

## Кіріспе

Университет қазіргі таңда Түркістан облысындағы білім және ғылыми, әдістемелік және мәдени орталықтарының бірі болып табылады. Университет оқытудың жаңа технологияларын ендіруде және ғылыми зерттеу базасын ұлғайта отырып, жоғары сапалы және кең көлемді білім беру қызметімен қамтамасыз етеді. Университет түлектері Қазақстанның білім беру және экономиканың әр түрлі салаларында жемісті қызмет атқара алады және еңбек нарығындағы бәсекелестікте қабілетті. ЖОО даму және қалыптасу тарихы 22 жылдан астам.

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» магистратура білім беру бағдарламасы бойынша дайындық 2017 жылдан бастап жүргізіледі. 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша лицензия (сериясы АБ №0137474, 28.09.2010ж.) берілген.

6М010300 - «Педагогика және психология» / 7М01301 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша магистр мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады: оқыту; тәрбиелеу; әдістемелік; зерттеу; әлеуметтік-коммуникативтік.

«Сырдария» университетін бітірген түлектер еңбек нарығы талаптарына сай жұмыспен қамтылған. Түлектері мектептерде, колледждерде, білім беру басқармаларында және т.б. жұмыс орындарында абыроймен қызмет атқаруда.

Кафедрада жыл сайын педагогикалық біліктілікті жетілдіру мақсатында түрлі шаралар жүргізіліп келеді: оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу; оқу құралдарын дайындау; тәжірибелі оқытушылардың ашық сабағына ену; біліктілікті жетілдіру курстарынан өту; семинар, конференциялар ұйымдастыру және т.б.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламасының түлектері білім беру мекемелерінің, аймақтың колледж, жоғары оқу орындары мен жалпы орта мектептің педагог-психолог маманы, профессор-оқытушылары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлері, білім басқармалары және т.б. қызметкерлері болып жұмыс істейді.

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өтуге өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер жинақталып, нақты талдау жүргізілді, IQAA-дың жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауы (2020 жыл) негізінде жазылды және жүйелі, нақты, шынайы мәліметтер жинақталып дайындалған.

# СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

**Дәлелдемелер және талдау**

Сапа саласындағы саясатты қабылдау процедурасы Сапаны басқаруда (28.08.2019 ж.) сипатталған, онда «Сырдария» университетінің сапа саласындағы саясаты мен мақсатына қатысты жобалар бөлімшелердегі құзыретті мамандардың қатысуы арқылы әзірленеді, бөлімшелерде талқыланады, жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар талдау және қорыту жұмыстарын жүргізетін Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі жинақтап, саясаттың нақтыланған жобасы университет ректорына беріледі.

Сапа саласындағы саясат «Сырдария» университетінің стратегиялық жоспары негізінде әзірленген. ЖОО басшысы сапа саласындағы саясатты жүргізуге жауапты.

Білім беру бағдарламаларының динамикасы туралы элективті пәндер каталогының мазмұны, ол сыртқы ортаның өзгеруін және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып үнемі жаңартылып отыратынын көрсетеді (Кесте 1).

Кесте 1

Білім беру бағдарламаларының элективті пәндерін жаңарту динамикасы

| Пәндердің жаңартылуы (саны) | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 |
|---|---|---|---|
| Базалық пәндер:<br>Элективті барлығы:<br>Оның ішінде жаңартылды: | 12<br>8<br>- | 12<br>8<br>- | 11<br>6<br>4 |
| Кәсіптік пәндер:<br>Элективті барлығы:<br>Оның ішінде жаңартылды: | 13<br>12<br>- | 13<br>12<br>- | 17<br>16<br>6 |

Элективті пәндер каталогы колледж бөлім меңгерушілері, жоғары оқу орнының кафедра меңгерушілері, жұмыс берушілердің пікірлері және тілектері ескеріле отырып қалыптастырылады, тұрақты түрде қайта қаралады, олар кафедрада сақталатын пәндерді келісу тізбесінде (хаттама №924 сәуір 2019 ж.) көрсетіледі және бекітіледі. Талаптарды ескере отырып, (2017-2018 ж.ж.) «Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысың ерекшеліктері», «Педагогикалық шеберлікті жетілдіру», «Педагогикалық шеберлікті жетілдіру», «Педагогикалық этика», «Педагогикалық үдеріс сапасын бағалау және мониторингілеу әдістемесі», «Жоғары мектеп психологиясы», «Заманауи психологияның өзекті мәселелері», «Когнитивті психология», «Педагогикалық акмеология», «Ғылыми зерттеу әдіснамасы

мен әдістері», «Қазіргі кездегі жаңа технологиялар» т.б. білім беру бағдарламасын сапалы дайындау мақсатында және жұмыс берушілердің сұранысы бойынша жоғарыдағы курстар жаңғыртылған.

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мақсаттарын анықтау және оны жүзеге асыру сапасын қамтамасыз етуге факультет пен маман даярлатын «Педагогика және психология» кафедрасы жауапты. Білім беру бағдарламасының мақсаты экономика мен еңбек нарығындағы қоғамдық қажеттіліктерге байланысты түзетіліп отырады.

Кафедрада 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша аталған мәселені шешу мүмкіндігіне «Ғ. Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, ОҚМПУ-мен бірлесе отырып оқыту-ғылыми-өндірістік білім беру кешенін құру және біріккен әріптестік келісімшартын түзу арқылы қол жеткізілді.

Кафедра және факультет өз қызметін университеттегі қолдау қызметін көрсететін – тіркеу бөлімі, оқу-әдістемелік басқарма, Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі арқылы жүзеге асырады.

Университетте академиялық адалдықты қолдау бойынша корпоративтік этика кодексі әзірленді, оның мақсаты университетте өзара сыйластық, мейірімділік, ғылыми және шығармашылық ынтымақтастық атмосферасын құру болып табылады. Университетте жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру «Антиплагиат» ақ лицензиялық бағдарламасы бойынша жүргізіледі. 27 ақпан 2020 жылдан Москва қ. «Антиплагиат» акционерлік қоғамының бас директоры Фунтова Виталия Анатольевичпен жасаған келісім-шарт негізінде жүргізіледі. Келісім-шарт әр оқу-жылында жаңартылады. Университет магистранттары, оқытушыларының «жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу ережелері» бекітуімен оқу және ғылыми қызметтің ұйымдастырылуы мен сапасын жақсарту мақсатында жазбаша жұмыстардың өз бетінше орындалуын тексеру тәртібі анықталған.

«Сырдария» университетінде оқыту сапасы корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі және білім беру қызметінің тиімділігін арттыру құралы болып табылады, ЖОО беделін және көрсетілетін білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін нығайтады. Сапа мәдениеті өзара құрмет пен әріптестік, басшылық, оқытушылар, білім алушылар тарапынан міндеттемелерді өзара сақтау қағидаттарына негізделеді, оған «Сырдария» университетінде қабылданған арыз-шағымдарды шешу саясаты ықпал етеді (Оқытушылар мен студенттердің ар-намыс кодексі -Жетісай, 2019). Арыз-шағымдарды шешудің практикалық тетіктері нақты белгіленген қызмет рәсімдерінің регламенттерімен, бөлімшелер, алқалық органдар және лауазымдық міндеттері туралы ережелермен, оқу, ғылыми, тәрбиелік, техникалық процестерді, басқару процесін орындау мерзімдерімен, нысандарымен, тәртібімен сапа менеджменті жүйесі болып табылады.

ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушылар қанағаттану деңгейінің мониторингін жүйелі түрде жүргізіледі. ОПҚ-ның біліктілігін бағалау мақсатында «Оқытушы магистрат көзімен» сауалнамасы алынып, оның нәтижесі кафедралардың кезекті мәжілісінде талқыланады. Сауалнаманың нәтижесі (100 балдық жүйе) бойынша кафедраның профессор-оқытушыларының құрамының орта балы - 4,8 құрайды. Соның ішінде жоғары балл жинаған п.ғ.д., профессор Г.Т. Мұсабекова (92,7), п.ғ.к., аға оқытушы Г.Е. Кужагулова (91,7), пси.ғ.к., доцент З.К. Орманова (92,4), п.ғ.д., доцент Г.Б. Ахметова (95,8).

**Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі толық сәйкес келеді.**

## СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

### Дәлелдемелер және талдау

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мазмұны Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, 05.05.2020 ж. өзгерістермен) негізінде әзірленген. 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша базалық пәндерге - 35, бейіндеушілерге - 49 кредит, ғылыми-зерттеу жұмысы - 24 кредит, Қорытынды аттестаттау - 12 кредит бөлінген.

Білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін академиялық кеңес құжаттарды кафедрада жетекші оқытушылар ішкі нормативтік регламенттеуші құжаттарға сәйкес әзірлейді және факультеттің және университеттің ОӘК отырыстарында бекітіледі. 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) элективті пәндер каталогына және типтік оқу жоспарына толық сәйкес келеді. Мәселен, 2019-2020 жылғы ЖОЖ Базалық пәндер (БП) циклінде міндетті компонентке 20 кредит, таңдау компонентіне 15 кредит, кәсіптендіру пәндер циклінде (КП) міндетті компонентке 4 кредит, таңдау компонентіне 45 кредит, ҒЗЖ - 24 кредит, ҚА-12 кредит бөлінеді. Таңдау компонентінің пәндері элективті пәндер каталогынан ЖОЖ-ға енгізіледі. Каталогта ұсынылған пәндер өзектілігімен, практикалық мақсаттылығымен сипатталады, еңбек нарығының әлеуметтік тапсырысына жауап береді және инновациялық бағыты бар. Элективті пәндер каталогы жыл сайын сыртқы ортаның өзгеруін және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып қайта қаралады. Элективті пәндер каталогы оқудың барлық кезеңіне толтырылады.

Университетте білім беру бағдарламаларының каталогтары «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілiліп, (www.sirdariya.kz/) және оқытушылар мен магистранттарға қол жетімді.

Кәсіптік практика жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады.

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс оқу жоспарында практиканың келесі түрлерінен өту қарастырылған: педагогикалық, зерттеу және магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, тағлымдамадан өту және магистрлік диссертацияны орындау. Барлық практика түрлері бойынша кафедрада білім беру бағдарламасы бойынша практиканың жұмыс бағдарламалары бар. Кәсіби практиканың барлық түрлерінің жалпы көлемі 9 кредитті құрайды. Кәсіптік практикадан өту үшін магистранттарға жұмыс беретін жұмыс берушілер тобы үнемі кеңейтіліп отырады.

Практиканың барлық түрлері бойынша кафедрада білім беру бағдарламасы бойынша практиканың жұмыс бағдарламалары бар. Кәсіптік практиканың барлық түрлерінің жалпы көлемі 13 кредитті (390 сағат) құрайды. Кафедрада университет кафедралары мен ОҚМПУ және т.б. келісім шарттар түзілген. Магистранттарға кәсіптік практикадан өту үшін орындар беретін жұмыс берушілердің шеңбері үнемі кеңейтіліп отырады.

Кәсіби практиканың қорытындысын талдау кәсіби шеберлік пен дағдылардың өсуін, практикада алған теориялық білімдерін растайтын магистранттарға деген сұранысты көрсетеді. Практика соңында әрбір магистрант кафедрадан құрастырылған комиссия алдында есептерін қорғайды, есептері кафедрада сақталады.

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ мамандарды даярлау кезінде білім беру үдерісінде келесі ОӘК, Оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар, дәріс конспектілері, қорытынды емтихан тапсырмалары т.б. кіреді. Магистратураның білім беру бағдарламаларының барлық модульдері/пәндері әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әзірленген ОӘК және әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілген.

Университетті бітіргеннен кейін берілетін біліктілік (академиялық дәреже) жоғары білім деңгейіне сәйкес келеді: 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі. Олар біліктілік шеңберіне толық сәйкес келеді. Университеттің академиялық кеңесі Жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар талаптарына, ЖОЖ-на сәйкестігіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

«Сырдария» университеті кәсіби білім берудің екі сатылы моделі бойынша білім беру бағдарламасын дайындауды жүзеге асырады (бакалавриат–магистратура). Кредиттік оқыту технологиясының негізгі міндеті білім алушыларда білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының

көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, оқу процесін регламенттеу шеңберінде білім беру траекториясын таңдау негізінде өзін-өзі ұйымдастыру және өздігінен білім алу қабілетін дамыту болып табылады. ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Басқа жоғары оқу орындарынан білім алушыларды қабылдау «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқуын жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне ауысу «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген) негізінде білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Жыл сайын университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен магистратураға арналған оқу курстары бөлінісінде курстан курсқа ауысу үшін ең төменгі ауысу балының мөлшері белгіленеді. Аударма балының ең төменгі деңгейін жинаған ЖОО кейінгі білім беру бөлімі бастығының ұсынысы негізінде ЖОО басшысының бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Ең төменгі өту балын ала алмаған магистрант қайта оқу курсына қалдырылады. Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі өту балын жинамаған магистрант өзінің орташа үлгерім балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде ақылы негізде жеке пәндерді қайта оқуға болады.

***Ескерту:***

7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттар тек Platonus бағдарламасында оқиды, оқытушылар дәріс, семинар, өзіндік жұмыс материалдарын жүктеп қойған, бұл бағдарлама сабақ беру барысын көрсетпейді.

***Ұсыным:***

«Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен басқа да бағдарламаларды оқу процесіне қосуды ұсынамын.

**Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі елеулі сәйкестікке ие.**

## СТАНДАРТ 3. МАГИСТРАНТҚА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

### Дәлелдемелер және талдау

Оқытушы білім беру барысында магистрантқа қажетті құзыретті өз еркімен меңгеруі үшін білім беру үдерісін өзгерте отырып, инновациялық

технологияларды кеңінен қолданады. Атап айтқанда, оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері, жобалау әдістері, оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері, іскерлік ойындар, проблемалық-жағдаяттық модельдеу, тәжірибелік әдістер (жаттығулар, постер, кластер, буклет), сыни тұрғыдан кешенді талдау әдісі, «кейс-стади», джигсо әдісі, блум таксономиясы және т.б. әдістер қолданылады.

Кафедра магистранттарға ОПҚ практикалық сабақтарды өткізгенде жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізеді және магистранттардың қажеттіліктеріне жауап береді.

Жеке оқу жоспарларын ескере отырып, сабақ кестесі, МОӨЖ кестесі, оқытушылардың педагогикалық жүктемесі жасалады. 1 курс магистрантты анықтамалық-жолсілтеме алады, олармен түсіндіру жұмыстарын кураторлар, деканат және кафедра жүргізеді.

Жеке траектория, анықтамалық-жол көрсеткіш, элективті пәндер каталогы, Академиялық күнтізбе, сабақ және емтихан кестесі, ПОӘК (пәннің академиялық кеңескешені), ағымдағы, аралық және қорытынды үлгерім, транскрипт және басқа да қажетті мәліметтер магистранттарға «Platonus» автоматтандырылған жүйесі арқылы қолжетімді. Жүйеде «магистранттың жеке кабинеті» қарастырылған, онда барлық осы мәліметтер мен қол жетімділік берілген, оған тек жеке логин мен пароль арқылы жүзеге асырылады. Магистаранттың оқу жүктемесінің көлемі 4 семестр ішінде магистратурада игерілген кредиттермен өлшенеді. Жалпы білім беретін пәндер Модулінің көлемі Теориялық оқытудың жалпы көлемінің 70% - ын немесе 84 кредитті құрайды. Базалық пәндер Модулінің көлемі Теориялық оқытудың жалпы көлемінің 17% – ын немесе 20 кредитті құрайды, оның ішінде 4 міндетті компонент пәндеріне және 60 кредит элективті пәндерге бөлінеді. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, стажировка өту және магистрлік диссертацияны орындау (МҒЗЖ)-24 кредит, Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРҚ)-12 кредит. Жалпы барлығы 120 ECTS. Жоғарыда айтылған пропорциялар магистранттың өз даралығын, үлкен еркіндікке ұмтылысын, жеке және кәсіби өсуін, дербестігін жүзеге асыруға мүмкіндік бар екенін көрнекі түрде көрсетеді.

Емтихандар тестілік және ауызша түрде өткізіледі. Кафедра мәжілістерінде пәндер бойынша тест тапсырмалары мен билеттерге қатысты сұрақтар қаралады және бекітіледі. Ауызша емтихандар екінші оқытушы-комиссия мүшесімен бірге қабылданады. Әдетте, кесте бойынша ауызша емтихандар бейне камералармен жабдықталған аудиторияларға қойылады.

Қорытынды аттестаттау, әдетте магистрлік диссертацияны қорғауды көздейді. Есепті кезеңде қорытынды аттестаттаудан сәтті өткендердің саны 100% құрайды. Бітірушіге 7М01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі. Мысалы: 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 -

«Педагогика және психология» / білім беру бағдарламасы бойынша 2018-2019 оқу жылы 10, 2019-2020 оқу жылы 13.

Магистранттарға білім беру процесінен тыс әрдайым әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсетіліп отырады, оқуға деген терең қызығушылық танытатын магистранттардың қабілетіне қарай түрлі тапсырмалар беріліп, арнайы зерттеу жұмыстарына тартылады. Білім алу қиындықтары бар магистранттарға сабақтан тыс уақытта кеңес беріліп, тапсырманы орындауға көмек көрсетіліп отырады. Үлгерімі жақсы магистранттарға бос уақытында жұмыс істеуге мүмкіндік жасалған.

Магистранттар БББ басты тұтынушылары болып табылады, сондықтан бағдарламаның жүзеге асырылуы олардың мүдделеріне негізделеді. Университеттің білім беретін ортасы білімгердің келесі мінездемесін: жекелігін, жеке басының және кәсіби өсуін, дербестігін және өзін-өзі бағалау және сыйлау секілді қасиеттерін оқу үдерісінде есепке алады. Оқытуға деген жаңаша көзқарас магистрант тұлғасын алдыңғы қатарға қояды.

Университетте магистранттардың білім деңгейін кең көлемде бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі қолданылады. Бақылаудың үш түрі бар: ағымдық, межелік және қорытынды. Ағымдық бақылау білімгердің білімін, шеберлік, дағдысын тексеру үшін бақылаудың түрлі формалары көмегімен жүзеге асырылады. Бұл екі аптада бір рет жүргізіліп, оған баға қойылып отырады. Межелік бақылау 8 және 15 апталарда жүзеге асырылады. Бақылау қорытындылары электронды журналға қойылады, бұл игерілген білімді бақылаудың ашықтығын қамтамасыз етеді. Емтихан бағасы мен межелік бақылау нәтижесі біріктіріліп, қорытынды баға қойылады.

Білімгерлердің ағымдық бақылау кезінде МӨЖ орындауы әрбір орындалған тапсырмасы 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Бақылау түрлері кафедра мәжілісінде анықталып, бекітуге ұсынылады. Оқыту нәтижелері – құзыреттерді меңгеру деңгейін анықтайтын бақылау әдістерін қолдану (жобалық жұмыстар, таныстырылым, эссе, талдауды орындау және тапсыру) арқылы жүзеге асады.

Магистранттың академиялық жетістіктері «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жарияланып отырады. Әр магистрант жеке кабинеті арқылы өзінің білім дәрежесінің бағалану деңгейін бақылай алады. Білім сапасын мониторингілеу жүйесіне сәйкес ереже құрастырылған және сипатталған. Мониторингтің әрбір түрі бойынша критерийлер мен нормативтер көрсетілген. Жыл сайын білім сапасын ЖОО кейінгі бөлім әр магистранттың академиялық жетістіктеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырады

Қорытынды бақылау бағасымен келіспеген магистрант тест сұрақтары мен оның жауаптарының мазмұнында немесе емтихан билеттерінің мазмұнында сәйкессіздік орын алғанда ғана апелляцияға өтініш бере алады.

-тест сұрақтарының мазмұнында немесе оның жауаптарының мазмұнында қате болған жағдайда;

-қорытынды аттестаттаудың басқа түрлері бойынша мазмұнымен келіспеушілік болған жағдайда.

Білім алушы апелляцияға өтінішті қорытынды аттестаттау өткен күннің ертесіне сағат 13:00 дейін тест орталығына береді.

Апелляциялық комиссия 24 сағат аралығында өтінішті қарастырып, бастапқы алған бағасын қалдыру немесе бағаны қайта қарастыру туралы шешім қабылдайды.

Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушының жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

Атап айтқанда, университетте білім алушылардың оқу сапасына қанағаттану тұрғысынан әлеуметтік сауалнама жүргізу тәжірибесі қалыптасты. Осы мақсатта білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімі сауалнама жүргізудің жылдық жоспарын әзірлейді. Сауалнамалар мен нәтижелерді өңдеуді статистиканы қалыптастыратын, қанағаттанушылық үрдістерін анықтайтын және жақсарту бойынша ұсыныстарды тұжырымдайтын кәсіби маман жүргізеді. Сауалнамалар тақырыптары оқу процесін ұйымдастыру сапасы, емтихан сессиясы, білімді бағалау, академиялық ұтқырлық бағдарламалары және т.б. туралы білім алушының пікірді және жұмыс берушілердің түлектердің дайындық деңгейі туралы пікірлерін анықтауға бағытталған. Сауалнама нәтижелері кафедра, университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінің және т. б. жоспарлы отырыстарында қаралады. Мысалы, 2019-2020 оқу жылында 7М01301 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша «Оқытушы магистрат көзімен» әлеуметтік сауалнамасының қорытындысы бойынша есепте магистранттардың оқыту сапасымен қанағаттануы өлшенді, ОПҚ кәсіби құзыреттілігі талданды. Талдаудың негізгі бірліктері: Педагогикалық шеберлік, ғылымның қазіргі жетістіктерін пайдалану, дәрістердің ақпараттылық деңгейі, магистранттарға қарым-қатынас, білімді бағалаудағы объективтілік, магистранттардың жетістіктеріне қызығушылық және т.б. факультет бойынша сауалнама қорытындысы бойынша білім беру бағдарламасының жалпы орташа балы - 4,7 балл – 7М01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша «ЖОО-дағы білім беру үрдісінің сапасына магистранттардың қанағаттанушылығы» сауалнамасының қорытындысы бойынша деканаттың, кітапхананың, тіркеу бөлімінің, медпункттің және т.б. жұмысы бағаланды. 7М01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша «Оқыту нәтижелерін бағалау бойынша түлектің сауалнамасы» түлектердің әлеуметтік сұрауының қорытындысы бойынша қанағаттану деңгейі 95% құрады.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі толық сәйкестікке ие.**

# СТАНДАРТ 4. МАГИСТРАНТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

## Дәлелдемелер және талдау

Жоғары арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері бейінді бағыттағы магистратураның тиісті бағдарламаларына сәйкес оқыту нәтижелеріне теңестіріледі.

Кафедра оқытушылары бекітілген мектептерде (бітіруші мектеп оқушылары мен бакалавр мұғалімдермен) келесі білім беру мекемелерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді: Түркістан облысы Мақтаарал, Жетісай, Шардара, Келес Сарыағаш ауданының мектептері т.б. Нәтижесінде «Сырдария» университетіне түсуге бағытталған талапкерлердің мақсатты тобы құрылады, оның сауалнамалық мәліметтері факультеттерге атаулы жұмыс жүргізу үшін беріледі.

Білім беру бағдарламаларының түрлері мен білім беру деңгейлері бойынша магистранттар контингентінің электронды базасы жасалған. Магистранттардың қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары әрқашан талдау жасалып отырады. Platonus-автоматтандырылған ақпараттық жүйеде жеке оқу жоспарлары, силлабустар, ПОӘК материалдары орналастырылған. Магистранттардың қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары университет сайтында http://sirdariya.kz/ орналастырылған. Сондай-ақ болашақ білім алушылар үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар және ашық есік күндері өткізіледі.

Магистранттар Platonus-автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде бағдарламалық кешенді қолдану арқылы жеке академиялық жетістіктерді бақылай алады – «магистранттың жеке кабинеті» арқылы. Бұл модульге қол жеткізу әр магистранттың уәкілетті кіруі арқылы жүзеге асырылады. Магистрант ағымдық және аралық бақылауларды, сондай-ақ емтихан сессияларын тапсыру нәтижелерін көре алады.

Магистранттар контингентін қалыптастыру саясаты қабылдау рәсімінің нормативтік талаптарынан, кәсіптік бағдар беру жұмыстарының нысандарынан, университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы жұртшылықты хабардар етуден, оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктерді, жатақханаларда тұрғаны үшін қолжетімді тарифтерді қоса алғанда, әлеуметтік қолдау тетіктерінен тұрады

1-курсқа түскен магистранттарды университет анықтамалық-жолсілтегішпен қамтамасыз етеді, онда: оқыту технологияларымен байланысты негізгі ұғымдар, оқу процесін ұйымдастыру ережелері, магистрантқа көмек көрсету үшін кітапхана, магистранттарды қолдау

қызметтері, факультеттер бойынша ақпарат, академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру тетігі, оқытуды бақылау түрлері т.б. көрсетілген.

Университетте магистранттардың сабақ сапасына қанағаттанғандығы жайлы әлеуметтік сауалнама алу дағдыға айналған. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Оқытушы магистрант көзімен» атты сауалнамалар жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтары, оқыту сапасына қанағаттанбау себебі анықталады.

Университеттің мониторинг бөлімі жүргізген сауалнамаға 2019-2020 оқу жылында 7М01101 - «Педагогика және психология» / 6М010300 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 1-2 курс магистранттарынан 25 респондент қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша олардың 91,0% қанағаттанатынын білдірді. Нақтырақ айтқанда, жүргізілген сауалнама нәтижесінде білім беру жүйесінің сапасы мен магистранттардың қанағаттануы келесі түрде көрінеді:

- кітапхана ресурсына – 93 %;
- университеттің офис-тіркеу бөлімінің жұмысына – 92%;
- факультет деканатының жұмысына - 91%;
- ОПҚ кәсібилігіне – 96,5%;
- білім алушыларға қызмет көрсету орталығының жұмысына – 95,2%;
- университеттің медициналық пунктының жұмысына – 94,3%;
- университеттің жастар саясаты бөлімінің жұмысына – 94,7%;
- университеттің шығармашылық және спорт үйірмелеріне – 93,6%;
- компьютер, интернет және басқа да құралдарға қолжетімділігіне – 93,1%;
- университеттің қоғамдық және мәдени өмірінің сапасына – 95,5%;
- университеттің оқу ғимараттары және ғылыми лабораториясының жағдайына – 95,3%.

Білім алушылардың білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында ішкі сапа кепілдігі шеңберінде мониторинг жүзеге асырылады. Мониторингке: магистранттардың сабаққа қатысуын, магистранттардың тапсырмалар мен МӨЖ орындауын, магистранттардың ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау бойынша тапсырмаларды тапсыруын, магистранттардың білім алушының жеке жоспарын орындауын бақылау кіреді. Мониторинг нәтижелері басшылық пен мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі. Эдвайзерлер білім алушыларға ЖОО-да оқумен, элективті пәндерді таңдаумен байланысты мәселелер бойынша кеңес береді, туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі. Эдвайзерлердің мониторингі көрсеткендей, магистранттар білім беру бағдарламасының мазмұнына және оны жүзеге асыруға қанағаттанады.

Білім беру бағдарламасы білім беруді Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары мен оқытудың кредиттік технологиясы негізінде жүргізіп келеді.

Дипломға еуропалық қосымша немесе Diploma Supplement академиялық және кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

